

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты Сайбекова Назира Усенқызының «6D020500-филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы» атты диссертациялық жұмысына**

## **ПКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Бұған дейін «грамматология» пәні жалпы тілтаным (общая лингвистика) тұрғысынан түсіндіріліп келген еді, бұл да ғылымдағы «европаөзімшіл» (европоцентризм) саясатының бір көрінісі болатын. Соның нәтижесі болу керек, қазіргі қазақ жазуына жасалып жатқан реформа үстінде «граммотология» сезі жалпылама түрде жиі айтылғанымен, қазақ жазуына тән нақтылықты «граммотологияшыл» әріптестеріміздің аузынан есіте алмай келе жатқан едік. Енді тілтаным ғылымы ана тіліміздің төл табиғатын барлауға көшken кезде «грамматология» пәнінің де төл сипат ала бастаганын көріп отырмыз: теориясы мен практикасы, ұғымдары мен атаулары, нәтижесі мен шешімдері етене таныс бола бастады.

Мұны айтуға ғылыми сарапқа түсіп отырған бүгінгі диссертация себеп болып отыр. Диссертант Н.У. Сайбекова сөз басынан «А.Байтұрсынұлының «Әліппе» оқу құралы нағыз грамматологиялық бағытта жазылған еңбек, онда қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп беріледі. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады деп көрсетіледі» дей келіп, Ахаң еңбегінің бұған дейін анғарылмай келе жатқан тұсы – грамматология – еkenін көрсетуден бастайды. Бұл - А. Байтұрсынұлының үндесім (дәйекші) теориясын грамматологиялық тұрғыдан талдаудың басы болмақ. Осы жерде көпшілік Ахаңның «дәйекшісін» жаңылыс «дәйекшЕ» деп жүргендерге де ой сала кетіп отыр. Жол жөнекей айта кетейік, Ахаңның «дәйекші теориясын» ғылыми дәстүр бойынша «Байтұрсын заңы» деп атайды деп, көптен бері ұсынып келе жатқан әрекетімізге қолдау тауып та отырмыз.

Диссертация тақырыбы бүгінде өте өзекті мәселеге арналған, және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практика және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысты. Ең алдымен, Еліміздің латын графикасына көшу туралы бағдарламасымен, тіл туралы бағдарламалармен тығыз байланысы бар.

## **2.Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертант сөз басынан-ақ «Қазақ тіл біліміндегі грамматология ғылымының негізін қалаған - Ахмет Байтұрсынұлы» деп батыл қорытынды жасап отыр. Ахаңың ғылыми мұрасы жан-жақты зерттелуден кем болып жатқан жок, алайда ғалымның граммотологиялық ұстанымы еленбей, арнайы сөз болмай қалғаны рас. Осыған орай ғылымға жаңа серпін әкеле жатқан жас буынның қатары көбейе берсін, құптарлық жайт демекпіз.

Әрбір дыбыстың грамматологиялық шешімі сол дыбыстың фонетикалық (бірінші кезекте – артикуляциялық) табиғатынан туындаиды, сонда ғана дыбыс пен таңба төл үйлесімін табады. Сөзді талапкердің өзіне берейік, «А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде қазақ грамматологиясының ғылым негізі қаланды, жүйеленді. Тұңғыш рет қазақ әліпбі төте жазу үлгісінде жазылып, әр таңбага қатысты ғылыми ой түйінделді. Осы әліпбиге қатысты емле жасалды. Алғаш рет қазақ грамматологиясының метатілі айқындалып, қазактың төл сөздерінің негізінде термин сөздер жасалды» дейді Н. Сайбекова. Сонда ғана тілдің әліпбі құрамы жасанды таңбалардан, орынды-орынсыз таңылып жатқан диакритикалық жапсырмалардан арылады. Қазақ тілінің төл грамматологиясынан бейхабарлықтың («сауатсыздықтың» десе де болады) салдарынан туындалап жатқан бейрет әліпбі нәтижесін күнде көріп отырмыз, одан арылудың амалы да әзірге, «европацентризм» жайлаган заманда, жок болып отыр.

Жас ғалым А.Байтұрсынұлының граммотологиясын, кеңірек «қазақ тілінің грамматологиясын», бүкіл қазақ жазуын кешенді түрде қамтып түсіндіруге тырысады: «Ахаңа дейінгі, Ахаң кезіндегі, Ахаңан кейінгі Ғылыми еңбегімізде А.Байтұрсынұлын лингвист ғалым ретінде қарастыратын болғандықтан, қазақ жазуы А. Байтұрсынұлына дейін қандай болды, дыбыс құрамы қазактың төл дыбыстарын бере алды ма деген мәселелерге тоқталғанды жөн көріп отырмыз» дейді автор. А.Байтұрсынұлының еңбек еткен ортасы қандай болды деген мәселеге арнайы тоқтай келіп, шеттілдік ғалымдар мен өзі арасында жүрген ғалымдардың пікірлерін мол келтіреді. Мысалы, Е.Омарұлы мына бір пікірін «Орысша оқығандардың көбі орыс тілін жақсы біледі. Орысша сөйлей білуі артықшылық деп түсінеді, қазақ тілін менсінбейді» деп, дәл бүгін жазып отырғандай әсөр қалдырады.

Егер қазақ жазуы – әліпбі мен емлесі – грамматологиялық шешімін дұрыс таппаса, онда қүрделі бірліктердің бірі буын табиғатына да нұқсан келетіні талапкер назарынан тыс қалмаған. Жалпы буын мәселесі (проблемасы) сингармонология жетістіктері тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны болуға тиіс.

Бүгінгі күнгі орынсыз тықпаланып жүрген пікір таластың шешімі де Ахаңың граммотологиясында жатыр екен, ұзақтау болса да сілтемені толық беруге тырыстық: «У мен и-ға қатысты пікір. Біздің «ұ», «ы», «ій» болып бір дауысты дыбыс пен бір дауыссыз дыбыстың тізілгенінен болған сөз буының орыстың ұзын «у»-ы мен ұзын «и»-не ұқсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолайлаушылар бар. Бірсыныра азаматтарымыздың бұл үшін ұсынып жүрген жобасы: «у» мен «й» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де,

дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, орыстың дауысты «у» мен «и»-інше оқылсын деген жоба. Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесінше қыйсынсыз екені мен таласпайды, тек: солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қыйсынды бола қоймайды». Сонымен «жазуга жеңіл, үйренуге оңай» дегендер грамматологиялық шешім емес, жасанды лингвистикалық ұстанымы жок. Егер и мен у-дың қазақ тілінде жоқ екенін мойындасақ (бұл – жақтастар да, қарсыластар да мойындалған жайт), пікір-талас та бірден тиылады.

Жалпы жазылымы оңай әрібі бар, игерілімі оңай емлесі бар тіл әлемде жоқ, қазақ тілі – соның бірі.

Осы ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми диссертацияға қойылатын талап деңгейінде толық орындалған деп есептейміз.

### **3.Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

А.Байтұрсынұлы адам санасындағы байланысты жазумен байланыстырған, себебі қазақ халқының санасында орныққан дыбыстарды басқа халықтардың дыбыстарымен салыстыру мүмкін емес, басқа дыбыстармен сәйкеспейтіндігін айта кеткен жөн. Шындығында, қазақ тілінің А.Байтұрсынұлы анықтап берген 28 дыбысы өзге тілдердегі әрібі ұқсас дыбыстардың ешқайсысымен артикуляциялық тенденктеге болмайды, болуы мүмкін де емес.

Тағы бір талапкер шешімі - метафизика ұғымдарының бірі *таңбалануши мен таңбалашыға* А.Байтұрсынұлы еңбектерінен мысал ретінде төте жазумен берілген үзіндіні алдық. *Таңбалануши* – ішкі жақ, ұғым, мазмұн болса, ал *таңбалашы*-сыртқы жақ, дыбыстар тіркесі. Таңба – магынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі болса, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы болып табылады. Олай болса, дыбыстың тұрақты айтылуы (артикуляциясы) басты тірек болып табылады.

Диссидент А.Байтұрсынұлының дыбыс талданымына ерекше мән беріп отырады. Көп фонетикалық мәселелердің шешімі қазақ тілінің дыбыс құрамы (состав) дұрыс анықталып, жүйесінің (система) дұрыс сипатталуына тікелей байланысты: «Әліппе» оқу құралында қазақ тілінде 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жарты дауысты бар деп берілген. Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді» делінген.

Ахаң жарты дауысты деп отырған дыбыстардың таңбасын араб таңбаларына лайық түсіндіреді: «жарты дауысты дыбыстардың харіфтері екендігі, дауысты дыбыстардың сонынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады» дейді. Сондықтан біршама түсінбеушілік туындалған қалуы мүмкін. Осы тұста біз де өз тарапымыздан араласа кеткенді жөн көрдік. Қазақ тіліндегі «жарты дауыссыздар» деген ұғым орыс зерттеушілерінен келгені белгілі. Қазақ

тіліндегі й[у] және у[w] дауыссыздарының жасалым ерекшелігі бар: олардың жасалымында ауыз қуысында айқын кедергі жок, жасалымы жағынан дауыстыларға ұқсайды, олар буын құрай алмайды, тілдегі қызметі жағынан дауыссызға ұқсайды. Тілтанымда соңғы буын құрай алмайтын белгісі басым болады, сондықтан олар дауыссыз дыбыс болып саналады. Ал, бірақ Ахан еңбектерінде осы екі дыбыстың өзге дауыссыздармен сингармолологиялық мәртебесі тең екендігі талай айттылған.

Демек, ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі жогары деп есептейміз.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі**

Диссидент А.Байтұрсынұлының грамматологиялық танымын толықтыра түсетін төмендегідей мәліметтерді келтіреді. А. Байтұрсынұлы еңбегінде жазу екі негізді: таңба негізді және әріп негізді болып екіге бөлінеді. Ал, емлелер төрт жүйеге бөлінеді: таңбаша жүйе; дағдыша (тарихша) жүйе; туысша емле; дыбысша емле. Қазақ тілі емлелер жүйесінің ішіндегі дыбысша емлеге жатады. Ал, дыбысша емле әріп негізді жазулардың емле жүйелері болып табылады.

Ал, таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны болып табылады.

Қазақ грамматологиясының негізін қалаған А. Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы төте жазуды дыбыс әдіс жолына негіз еткендігін ескерсек, дыбыс негізді әдіс арқылы метатіл орын алады. А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі ғылымында грамматологияның метатілін қалыптастыруды.

Дыбыс пенен харіфтің бір зат еместігін А.Байтұрсынұлының еңбектерінен байқауға болады. Олай болса харіфі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіфті іздең табу керек. Харіфке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіфті бұзып өзгертеді. Осы қағида А. Байтұрсынұлы жасаған төте жазуда көрініс табады. Олай болса, қазіргі әліпби науқаны үстінде қазақ тілінде жоқ дыбысқа жасанды таңбалар жасау шарасын қолдауға болмайды.

#### **5.Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Әр белгі белгілі бір мағынада жазу болып табылатындығын ескерсек, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде қарастырылатын белгілердің барлығы жазу. Ал, жазу дегеніміз грамматология ғылымы. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Қазақ әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған». Ендеше таңба – мағынаның (ұғымның) ең негізгі, ең тұрақты, ең әмбебап көрінісі десек, дыбыс – адамның дыбыстау мүшелері арқылы дыбысталатын таңбаның тұрақты айтылуы. Жазу, демек таңбалар мен әріптер, ең алдымен, ойдың көрінісі. Дегенмен қалыптасқан пікір бойынша, тілдің үздіксіз даму барысында дыбыстық тіл пайда болады. Кейін

дыбыстардан ұғымға негізделген күрделі атаулар жасалады. Сөзді хатқа түсіру қажет болғанда, таңбалар жасалады. Дыбыстық тілдегі таңбаның грамматологиялық негіздемесі болу керек.

А.Байтұрсынұлы таңбаларды жасай отырып, грамматологияның метатілін қалыптастыруды. Дыбыс негізді әдіс - метатіл. Метатіл деп кең мағынада алып отырмыз. А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі дыбыс әдіс жолы: бір әріпке - бір дыбыс.

А.Байтұрсынұлының ғылыми ойларын толық айқындалап, ашып көрсеткен диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы бар. Бұл жұмыс қазіргі кездегі Әліпбидің қабылдануы түсінде әсіресе практикалық үлкен маңызға ие деп бағалаймыз. Диссиденттант дайындаған ғылыми еңбектің қорытындысы мынадай нақты баптарға саяды, диссиденттант, біріншіден, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш рет грамматологияның негізгі метатілі жасалды және сараланды, дыбыс мен әріп, графема мен фонема, әр әріптің жазылу емлелері туралы тұңғыш ғылыми тұжырымдарын ашып берді, екіншіден, А. Байтұрсынұлы тұзған емле тәртібі – қазақ грамматологиясы тарихындағы ана тілімізге тән тұңғыш төл емле екенін көрсетті, үшіншіден, А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің грамматологиясы бойынша оның теориялық деңгейін қалыптастыруши талассыз көшбасшы екенін дәлелдей берді. Ғалым тұңғыш рет грамматологиялық терминдерді жасаған және қолданған, қалыптастырған деп білеміз. А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіліндегі дыбыс пен әріптің табиғаты туралы қағидалар мен дыбыстардың жазылу үлгісі, сөздердің және грамматикалық формалардың жазылу сипатты туралы емлелер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған жок.

## **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына қатысты шығарылған ғылыми мақалалары талаптарға толық сәйкес келеді.

## **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Жас зерттеушілерге тән кейбір стильдік жаңсақтықтар осы жұмыста да байқалады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы – жанының түкпіріне ешкім бойлап бара алмаған, ...осыларды дүниеге келтірмейінше деген сықылды сез оралымдары кездесіп қалады.

Сонан соң сілтеме мәтіннің көлеміне құмар бола бермеу керек.

## **8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Н. Сайбекованың «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы» атты 6D020500-Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы дәрежені алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Н.У.Сайбекованың «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және

қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы» атты 6D020500– Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы талапқа сай жазылған, ізденген ғылыми атағын алуға лайық деп есептеймін.



А.Вайгурсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
бас ғылыми қызыметкери,  
филология гылымдарының докторы,  
профессор Ә.Жұнісбек

